

КЕ АҚ Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Тарих факультеті

Дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасы

**«КІТАПХАНАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТІ СТАНДАРТТАУ»
ПӘНІ БОЙЫНША**

ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

6B03205 – Кітапханалық ақпараттық жүйелер білім беру бағдарламасы

5 кредит

Алматы, 2025

Емтихан бағдарламасын «6B03205 – Кітапханалық ақпараттық жүйелер» мамандығының жұмыс оқу жоспары және білім беру бағдарламасы пәндерінің каталогы негізінде п.ғ.к., қау.проф.м.а. Г.И.Нұржанова құрастырды.

Бағдарлама дүние жүзі тарихы, тарихнама және деректану кафедрасының мәжілісінде бекітілді. Хаттама № « » 2025 ж.

Кафедра меңгерушісі _____ Р.С. Мырзабекова

Факультеттің Ғылыми кеңесінде ұсынылды

« ____ » _____ 2025 ж., хаттама № ____

Ғалым хатшы _____ Н.А. Тасилова

ЕМТИХАН ӨТКІЗУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

Қорытынды бақылаужүргізу нысаны – Ауызша Ауызша

емтихан: дәстүрлі-сұрақтарғажауаптар Сұрақтар Univer жүйесіне енгізіледі.

Емтихан форматы-офлайн.

Курс: Бакалавр – 3 курс

Бейнежазбаның болуы – бар

Бакалавр білім алушылары үшін (пәндіжүргізетін оқытушы қабылдайды).

Емтихан өткізуді бақылау:

- емтиханның бейне жазбасы жүргізеді, Ұзақтығы:

Дайындық уақыты- 7-10 минут

Билеттің барлық сұрақтарына жауап беру үшін 15-20 минут ұсынылады.

Өткізу регламенті

1. Емтихан бакалавираттар мен оқытушыларға алдын ала белгілі болуы тиіскесте бойынша өткізіледі.

Бұл кафедралар мен факультеттердің жауапкершілігі.

2. Емтихан кестесі белгілі болған кезде, Univer жүйесіне "пән бойынша қорытынды емтихан" ... құжатын PDF форматында орналастырылады. Емтихан сұрақтарын жариялауға тыйым салынады.

Тек қорытынды емтихан бағдарламасы жазылады.

*Емтихан басталар алдында кез келген платформада емтихан билеттерін жариялауға және білім алушыларға жіберуге тыйым салынады.

«КІТАПХАНАЛЫҚ АҚПАРАТТЫҚ ҚЫЗМЕТТІ СТАНДАРТТАУ» ПӘНІ БОЙЫНША ҚОРЫТЫНДЫ ЕМТИХАН БАҒДАРЛАМАСЫ

Ақпарат, кітапхана және баспа ісі бойынша стандарттар

Анықтамасы: Ақпарат, кітапхана және баспа ісін стандарттау – бұл ақпараттық ресурстарды, кітапхана қызметтерін, баспа өнімдерін біртұтас ережелер мен сапалық критерийлерге сәйкес ұйымдастыру процесі.

Мақсаты: Қызмет сапасын арттыру, деректер мен баспа өнімдерінің үйлесімділігін қамтамасыз ету, халықаралық тәжірибеге сәйкестендіру.

Негізгі стандарттар: ISO 9001 (сапа менеджменті), ISO 2859 (баспа өнімдерінің сынағы), ISO 2789 (кітапхана статистикасы).

Қолданылуы: Кітапхана қорын каталогтау, баспа өнімдерінің сапасын бақылау, ақпараттық қызметтерді бағалау.

Мысалы: Кітапханаларда деректерді біртұтас стандарттарға сәйкес енгізу, баспа үйінде өнім сапасын тексеру процедураларын қолдану.

Кітапхана ісі мен библиография қызметіндегі стандарттаудың отандық және әлемдік тәжірибелері

Анықтамасы: Кітапхана және библиография саласында стандарттау – библиографиялық жазбаларды, деректер алмасуды және қызмет сапасын жүйелеу.

Отандық тәжірибе: Қазақстанда ҚР СТ стандарттары арқылы каталогтау, классификация және библиографиялық жазбалар реттеледі.

Әлемдік тәжірибе: ISO, IFLA ұсынымдары, Dewey Decimal Classification (DDC), Library of Congress Classification (LCC).

Қолданылуы: Біртұтас каталогтар жасау, халықаралық деректер алмасу, ғылыми ақпаратты сақтау.

Мысалы: Қазақ университеттерінің кітапханаларының бір-бірімен ақпарат алмасу кезінде халықаралық классификация жүйесін қолдануы.

Сертификат және ҚР заңы: жалпы ережелер

Анықтамасы: Сертификаттау – өнімнің, қызметтің немесе процестің стандарттарға сәйкестігін ресми куәландыру процесі.

Заңдық негізі: ҚР «Сертификаттау туралы» заңы (№ 609-V, 2001 ж.).

Мақсаты: Тұтынушылар мен ұйымдардың құқықтарын қорғау, өнім мен қызметтің сапасын ресми бекіту.

Қолданылуы: Кітап басылымдарын, ақпараттық жүйелерді және кітапхана қызметтерін сертификаттау.

Мысалы: Электронды кітап қорларын ISO 9001 стандарты бойынша сертификаттау.

Заңда пайдаланылатын негізгі түсініктер

Негізгі терминдер:

Стандарт – өнімнің немесе қызметтің сапа және қауіпсіздік талаптарын белгілейтін құжат.

Сертификаттау – сәйкестікті ресми бекіту процесі.

Техникалық регламент – өнімнің қауіпсіздік және сапа стандарттарын заңдық бекіту.

Сәйкестік бағалау – өнімнің немесе қызметтің стандарттарға сәйкес келуін тексеру.

Қолданылуы: Сертификаттау процедураларын заңға сәйкес рәсімдеу, мемлекеттік бақылау жүргізу.

Сертификаттаудың заңдылығы

Анықтамасы: Заңдық тұрғыдан сертификаттау – өнім немесе қызметтің стандарттарға сәйкестігін ресми түрде бекіту процесі.

Мақсаты: Өнім мен қызметтің сапасын қорғау, тұтынушылардың құқықтарын қамтамасыз ету.

Қолданылуы: Кітап басылымдары, ақпараттық ресурстар, кітапхана қызметтері бойынша сертификаттау рәсімдері.

Мысалы: Жаңа басылған кітаптың ISBN және сапа стандарттарына сәйкестігі.

Ақпараттық процестерді стандарттау

Анықтамасы: Ақпараттық процестерді стандарттау – ақпаратты жинау, өңдеу, сақтау және тарату әдістерін біртұтас талаптарға сәйкес жүргізу.

Мақсаты: Ақпарат сапасын арттыру, деректер қауіпсіздігін қамтамасыз ету, жүйелі ұйымдастыру.

Негізгі стандарттар: ISO 15489 (құжаттарды басқару), ISO 27001 (ақпарат қауіпсіздігі), ISO 30300 (құжат айналымы).

Қолданылуы: Кітапхана каталогтарын біртұтас стандартқа келтіру, электронды деректер қорларын ұйымдастыру.

Мысалы: Университет кітапханасында электронды каталогтарды біртұтас форматқа сәйкестендіру.

Сертификат саласын мемлекеттік басқару

Анықтамасы: Мемлекеттік басқару – сертификаттау саласында саясатты, нормаларды, бақылау және инспекция механизмдерін ұйымдастыру.

Мақсаты: Тұтынушылардың құқықтарын қорғау, стандартты өнім мен қызметті қамтамасыз ету.

Қолданылуы: Мемлекеттік орган сертификаттау талаптарын енгізу, үйлестіру, бақылау жүргізу.

Мысалы: ҚР техникалық реттеу және метрология комитеті арқылы сертификаттау саясатын жүргізу.

Сертификатталған өнімді, процесті, жұмысты және қызметті инспекциялық бақылау және сертификаттау саласын мемлекеттік бақылау

Анықтамасы: Инспекциялық бақылау – сертификатталған өнімнің стандартқа сәйкестігін тексеру процесі.

Мақсаты: Сапаны сақтау, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, стандарттарды орындауды бақылау.

Қолданылуы: Кітап басылымдарының сапасын, электронды ресурстардың жұмысын, кітапхана қызметін тексеру.

Мысалы: Электронды кітап қоры ISO стандарттарына сәйкес тексеріледі.

Кітапхана ішіндегі стандарттар

Анықтамасы: Кітапхана ісіндегі стандарттар – қызмет сапасын, каталогтау, қорларды басқару және ақпараттық қызметті үйлестіру ережелері.

Мақсаты: Кітапхана қызметін жүйелеу, халықаралық ынтымақтастықты дамыту.

Негізгі стандарттар: ISO 2789 (кітапхана статистикасы), ISO 11620 (кітапхана өнімділігі), ISO 9001 (сапа менеджменті).

Қолданылуы: Кітапханалық процестерді стандартқа сәйкес ұйымдастыру, деректер алмасу.

Мысалы: Кітапханалардағы оқырмандар қызметін бағалау стандарттары.

Стандартизациялау бойынша нормативтік құжаттар және оларға қойылатын талаптар

Анықтамасы: Нормативтік құжаттар – стандарттар, техникалық регламенттер, әдістемелік нұсқаулықтар.

Талаптары: Құжаттар нақты, ресми бекітілген, қолдануға ыңғайлы, жаңартылатын болуы тиіс.

Қолданылуы: Кітапхана, баспа, ақпараттық қызметтерді стандарттау, сапа бақылау, сертификаттау.

Мысалы: ҚР стандарттау жүйесінде жаңа кітаптарды шығару бойынша әдістемелік нұсқаулықтар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. ГОСТ 7.1-2003. «Библиографическая запись. Библиографическое описание. Общие требования и правила составления». Изд-во стандартов, 2004. — 48 с.
2. ГОСТ 7.82-2001. «Библиографическая запись. Библиографическое описание электронных ресурсов. Общие требования и правила составления». СПб., 2003. — С.430-461.
3. ҚР СТ 1182-2003. «Ақпарат, кітапханалық және баспа істері жөніндегі стандарттар жүйесі. Басылымдар. Басылымдық және кітап саудасының библиографиялық көрсеткіштері. Жалпы талаптар».
4. Раймбекова М.Т. «Кітапхана каталогтары». Оқу құралы, 2022.
5. Кітаптарды халықаралық стандартты нөмірлеу: зерттеу материалы, 2008.
6. кітапхананың библиографиялық қызметі: оқу материалы, 2019.

Шетел авторларының еңбегі:

7. Библиотечно-библиографическая классификация: рабочие таблицы для массовых библиотек. М.: Либерия, 1997. — 68 с.
8. Справочник библиотекаря / Науч. ред. А.Н. Ванеев, В.А. Минкина. — 3-е изд., перераб. и доп. — СПб.: Профессия, 2006. — 496 с.
9. Стандарты по библиотечно-информационной деятельности. СПб.: Профессия, 2003. — 576 с. (Серия «Библиотека»).
10. Хартюнова Л.В. «Библиотечные каталоги. Назначение, виды, историография»: учебное пособие для студентов библиотечных факультетов. М., 1992. — 70 с.

**«Кітапханалық ақпараттық қызметті стандарттау» пәні бойынша
қорытынды емтиханды бағалау рубрикаторы
АУЫЗША ОФЛАЙН/ ОНЛАЙН**

Критерий/ балл	ДЕСКРИПТОРЛАР			
	«Өте жақсы»	«Жақсы»	«Қанағаттанарлық»	«Қанағаттанарлықсыз»
	90-100 % (27- 30 балл)	70-89 % (21-26 балл)	50–69% (15- 20 балл)	25–49% (8-14 балл)
1-сұрақ Курстың теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну 30 балл	Студент сұрақтың мазмұнын толық және тұтастай ашады. Курстың негізгі теориялары мен ұғымдарын дұрыс пайдаланады. Түсіндіру ғылыми тілде жүргізіледі, барлық терминдер орынды және дәл қолданылған. Мазмұн құрылымды, логикалық байланыс сақталған. Қажетті жерлерде нақты мысалдар келтірілген. Қорытындысы айқын, ғылыми және логикалық түрде жасалған..	Сұрақтарға негізінен дұрыс жауап береді, бірақ кейбір ұғымдар мен тұжырымдар үстірт немесе толық ашылмаған. Мысалдар аз немесе жартылай келтірілген. Курстың негізгі идеялары қамтылғаным ең, кейбір терминдер мен анықтамаларда дәлсіздіктер бар. Жалпы логика сақталған, тілдік құрылымда аздаған кемшіліктер кездеседі.	Студент тақырыпты ішінара түсінеді. Жауаптар үзік-үзік және жүйесіз берілген. Негізгі ұғымдар мен терминдер кейде дұрыс қолданылмайды немесе шатастырылады. Мысалдар келтірілмеген, қорытынды толық емес. Түсіндірмелерде грамматикалық және мазмұндық қателіктер байқалады.	Студент сұрақтың мазмұнын түсінбеген немесе толық ашпаған. Негізгі терминдер мен ұғымдарды дұрыс қолданбайды. Жауаптар құрылымсыз, логикасы бұзылған, мазмұны анық емес. Презентация мен жазу стилі ғылыми талаптарға сай емес. Қорытынды жоқ немесе сұрақ мазмұнымен байланысты емес.
2-сұрақ Курстың	Студент курстың әдіснамалық	Жауаптың мазмұнын негізінен	Курстың теориясы мен әдіснамасы толық	Жауапта курстың теориясы мен әдістемесі

теориясы мен тұжырымдамасын білу және түсіну, тандалған әдістеме мен технологияны нақты қолданбалы тапсырмаларға қолдану 30 балл	және технологиялық мазмұнын терең түсінеді. Теорияны нақты мысалдармен байланыстырып, практикалық қолдануын көрсетеді. Курстың маңызды бөліктерін толық қамтиды. Жауап логикалық және құрылымды, талдауы терең. Пәнаралық байланыстар орнатылған, өзіндік көзқарас пен талдау бар.	дұрыс, бірақ кейбір тұжырымдар жеткіліксіз дәлелденген. Практикалық мысалдар бар, бірақ терең талданбаған. Әдіснамалық аспектілер ескерілгенімен, кейбір маңызды байланыстар назардан тыс қалған. Жалпы түсінік дұрыс, бірақ логикалық құрылым әлсіз.	қолданылмаған. Талдау үстірт және жүйесіз. Негізгі ұғымдар көрсетілгенімен, олардың өзара байланысы ашылмаған. Практикалық мысалдар аз немесе нақты емес. Кейбір жауаптарда қателіктер бар, студент өз бетінше шешім таба алмайды.	қолданылмаған. Студент материалды түсінбегенін көрсетеді. Талдау мен мысалдар жоқ. Ой жүйесіз, логикалық және құрылымдық байланыстар сақталмаған. Көптеген мазмұндық және әдістемелік қателіктер бар.
3-сұрақ Тандалған әдістеменің ұсынылған практикалық тапсырмаға қолданылуын бағалау және талдау, нәтижені негіздеу 40 балл	Студент сұраққа жан-жақты жауап береді, өз пікірін ғылыми тұрғыда дәлелдейді. Қорытындысы логикалық, нақты және теориямен үндес. Білімді интеграциялау мен салыстырмалы талдау жасай	Қорытынды бар, бірақ кейбір тұжырымдар үстірт баяндалған. Өзіндік пікір бар, алайда дәлелдемелер жеткіліксіз. Материалды түсінген, бірақ оны толық логикалық тұрғыда қорытындылай алмайды.	Қорытынды әлсіз, жалпы идея бар, бірақ талдау терең емес. Өзіндік көзқарас пен бағалау элементтері жоқ. Негізгі теориялық материал дұрыс қолданылмаған.	Қорытынды жоқ немесе сұрақ мазмұнымен сәйкес келмейді. Ой жүйесіз, тұжырымдар қисынсыз. Ғылыми дәлелдер мен түсініктер қолданылмаған.

	алады. Ұсыныстары мен шешімдері орынды, шығармашы лық элемент байқалады.			
--	---	--	--	--